


Тестілеуге қатысу үшін келесі үрдістерден өту қажет



1

Тестілеуге қатысу үшін тестілеу күніне дейін бір күннен кешіктірмей үміткерлерге e-gov арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» МК АҚ арқылы өтініш тапсыру қажет.

2

Тіркелу кезінде қажет санатты, тест тапсыру күні мен уақытын белгілеу керек.

3

Сәтті тіркелімнен кейін растаушы қолхат беріледі.

4

Белгіленген күн мен уақытта жеке куәлікпен және қолхатпен тестілеу залына келесіз. Тестілеуден өтіп, дереу түрде тестілеу қорытындысын аласыз.

Құқық қорғау қызметіне алғаш рет кіретін азаматтарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеу үш бағдарламадан тұрады

1) бірінші бағдарлама C-GP-1, C-AGP-1, C-GP-2, C-AGP-2, C-GP-3, C-AGP-3, C-GP-4, C-AGP-4, C-GP-5, C-AGP-5, C-GP-6, C-AGP-6, C-OGP-2, C-OGP-3, C-OGP-4, C-OGP-5, C-OGP-6, C-OGP-7, C-OGP-8, C-RGP-1, C-RGP-2, C-RGP-3, C-RGP-4, C-RGP-5, C-SVO-8, C-SVR-7, C-SVU-8, C-SVU-9, C-SVU-10, C-SVU-12, C-SVU-13, C-SVU-14, C-SGU-5, C-SGU-7, C-NB-1, C-NB-2, C-NB-3, C-NBO-1, C-NBO-2, C-NBO-3, C-GD-1, C-GD-2, C-GD-3, C-GD-4, C-GDO-1, C-GDO-2, C-GDO-3, C-GDO-4 санаттарына арналған және келесіні қамтиды: ҚР мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ, 20 минут), ҚР Конституциясы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «ҚР мемлекеттік қызметі туралы» ҚР заңдары, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (әр НҚА 15 сұрақтан). Тестілеуді өту мәндері **барлық** НҚА бойынша **сұрақтардың жалпы санынан (135 сұрақ) кем дегенде 95 дұрыс жауапты** және **әрбір** НҚА бойынша **кем дегенде 5 дұрыс жауапты** құрайды. Тестерді орындау үшін жалпы уақыт **110 минутті** құрайды.

2) екінші бағдарлама C-SV-10, C-SVO-9, C-SVR-4, C-SVR-8, C-SVU-13, C-SVU-14, C-SVU-15, C-SGU-8, C-SGU-11, C-SGU-12, C-SGU-13, C-SSP-7, C-SSP-8, C-SN-5, C-SN-7, C-SN-8, C-NB-4, C-NB-5, C-NB-6, C-NB-7, C-NB-8, C-NBO-4, C-NBO-5, C-NBO-6, C-NBO-7, C-NBO-8, C-GD-5, C-GD-6, C-GDO-5, C-GDO-6 санаттарына арналған және келесіні қамтиды: ҚР мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ, 20 минут), ҚР Конституциясы, ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық-процестік кодексі, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР заңдары, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (әр НҚА 15 сұрақтан). Екінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері **барлық** нормативтік құқықтық актілер бойынша **сұрақтардың жалпы санынан (105 сұрақ) кем дегенде 63 дұрыс жауапты** және **әрбір** нормативтік құқықтық актілер бойынша **кем дегенде 5 дұрыс жауапты** құрайды. Екінші бағдарлама бойынша ҚР заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт **90 минутті** құрайды.

3) үшінші бағдарлама C-SV-12, C-SV-13 санаттарына арналған және келесіні қамтиды: ҚР мемлекеттік тілін білуге арналған тест (20 сұрақ), ұзақтығы 20 минут; ҚР Конституциясын (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ), «Құқық қорғау қызметі туралы» (15 сұрақ), «ҚР ішкі істер органдары туралы» (15 сұрақ) ҚР заңдарын, ҚР мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (15 сұрақ) білуге арналған тестілер. Үшінші бағдарлама бойынша тестілеуді өту мәндері **барлық** нормативтік құқықтық актілер бойынша **сұрақтардың жалпы санынан (75 сұрақ) кем дегенде 35 дұрыс жауапты** және **әрбір** нормативтік құқықтық актілер бойынша **кем дегенде 5 дұрыс жауапты** құрайды. Үшінші бағдарлама бойынша ҚР заңнамаларын білуге арналған тестерді орындау үшін жалпы уақыт **60 минутті** құрайды.